

## ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН БҮГІНГІ ТАНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ТӘБИЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИМДІЛІГІ

С.Ә.Күдері  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазіргі кезде елімізде ұлттық құндылықтардың қайта өркендеуіне жол ашылды. Оған, Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Мәдени дәстүрлер қашанда мәдениеттік қайта тулеудің қайнар көзі болып келеді. Қазақстанда ұлттық өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр», -деген сөзі осының айғағы.

Республикамыздың тәуелсіздік пен егемендік жағдайында қалыптасу кезеңінде ұлттық мәдениеттің дамуына ерекше көңіл бөлініп, еткеннің мәдени - тарихи мұрасының мәні артып, маңызды компоненттері ретінде өзінің ұлken педагогикалық мүмкіндіктерімен халықтық сәндік қолданбалы өнері болып отыр. Бұл жағдайда жас ұрпақтың қызығушылығын қалыптастыру және өз халқының рухани байлықтарына, ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүріне, жекелеп алғанда, ұлттық сәндік қолданбалы өнеріне терең үнілуі немесе тұлғаның ұлттық рухани дамуы өз халқымен мәдениетінің бөлігі болып сезінбейінше мүмкін емес. Бұл мәселенің өзектілігі әлемдегі халықтар мәдениетіне әсерін тигізбей қоюы мүмкін емес, ол жаһандану процесімен де байланысты. Қоғамдағы және білім жүйесінде қайта құрулар оқушылардың халықтық сәндік қолданбалы өнеріне қызығушылығын қалыптастыру процесінің нәтижесі мұғалімнің кәсіби деңгейіне, оның қиялына, идеясына және тұлғалық сапаларына байланысты болғандықтан жаңа талаптар ұсынылып отыр. Оқушының халықтық сәндік қолданбалы өнеріне деген қызығушылығын қалыптастыру, олардың бойында рухани және эстетикалық байлықтарды халықтық сәндік қолданбалы өнері негізінде талғаммен идеяларды қалыптастыру осы мәселелердің шешімін еңбек және сурет пәнінің жан-жақты дайындығы бар жоғары дәрежелі мұғалім жүзеге асыруы тиіс.

Қазақ салтында тарихты білу ата-мекенді қастерлеу, туған ел туған жерді қорғау, әдет-ғұрыпты, наным-сенім, байырғы өнер түрлерін сактау, дінді құрметтеу ежелден бері қалыптасқан дәстүр. Сондай мұраларымыздың ішіндегі ең көнесі, ең байырғысы ұлттық дәстүрлі өнер. Шынында да, қазақ өнері ондағы көріністердің суреттелуі, оқиғалардың баяндалуы біздің ой санамыздағы ежелгі дәүірге мензеп, өнердің тұңғылық тереңіне жетелейді. Осыған байланысты мәдени ұлттық өркендеуде халықтық дәстүрлі өнері арқылы жеткіншек ұрпакқа рухани эстетикалық тәрбие, талғам, өнер сияқты ұғымдарымыз ұлттық нақышпен зерделеу қажеттігі артады.

Жоғарғы мектепте болашақ мұғалімдерді дайындаудағы білім мазмұнын жаңарапту концепсиясының маңызды бағыты ұлттық және рухани мәдениеттің біздің еліміздің басқа халықтарының және бүкіл адамзаттың, Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерінің бірлігінде тарихы және мәдениеті мен өзара байланыстағы қайта өрлеу негізінде мұғалім тұлғасының шығармашылық потенциялының өсуі мен баюын қамтамасыз ету болып табылады. Рухани құндылықтардың негізгі көзі халық болып табылады. Мәдени мұраны ұрпақтан - ұрпакқа қалдыру мен қайта жаңғыру механизмдерін зерттемей халық мәдениетін оқып-үйрену мүмкін емес. Халықта рухани және эстетикалық құндылықтардың басты өлшеуіші барлық кезде еңбек болып қалған. Дәстүрлі тәрбие шаруашылық, мәдениет және этникалық қоғамдастықтардың тұрмыс ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Сондықтан, қазіргі сатыда тұлғаның шығармашылық потенциалын байытудың қажетті шарты оның еңбек және эстетикалық тәрбие болып табылады. Эстетикалық тәрбие еңбекпен тығыз байланысты жүзеге асырылады. Еңбек және эстетикалық тәрбиенің бірігуі мынада да айқын көрінеді, адам еңбек ету процесінде өз айналасында сұлтулықты жасайды. Еңбек және эстетикалық тәрбие жалпы білім беретін мектепте еңбек сабағының көмегімен жүзеге асырылады. Қазақ халқының эстетикалық

дәстүрлерін зерттей келе З.П.Васильцова өз жұмысында былай деп көрсетеді: «Қазақтың әр үйінен қазірдің өзінде едендегі ашық түсті жұн кілемдерді және қабыргалардағы тұсқиіздерді көруге болады. Олар қазактардың тұрғын үйіне ұлттық рең береді. Қазақ халқының үй тұрмысы мен көркем кәсіби көне заманда туған. Қошпенді-малшылардың тұрмыс заттары, ер-тұрмандар, былғары, ағаш, сүйек және металлдан жасалған бұйымдар өрнекпен байытылып сәнделді. Әдетте ою-өрнекке ай, жұлдыздар, күн, геометриялық кескіндер, жапырақ түрлери, ғулдер, қой мүйізі қолданылады. Зергерлер жартылай бағалы тастар салып немесе жінішке күміс сымды өріп жүзіктер, білезіктер, сырғалар, сырмалар, түймелер жасады. Әйелдің бас киімдері, көллектері, сөмкелері, кілемдер, тұрман әбзелдері әдемі кестесімен ерекшеленеді».

Көптеген қазақ отбасыларында қазірге дейін көне тұрмыс заттары пайдаланылады. Әсірепе бұл ауылдық жерлерде байқалады. Кейбір мал шаруашылығы бар жерлерде отбасылар ұлттық тұрғын үй – киіз үйлерде өмір сүреді. Бүгінгі күндері де қазіргі заманғы үйлер мен пәтерлерінде тұратын кез-келген қазақ үйінде ұлттық тұрмыс заттары бар. Олар өздерінің шығу тегімен тұрмыста қолданылуы арқылы ерекшеленеді. Қолданбалы өнер үйірмелерін үйімдастыру, халықтық мерекелер өткізу, ұлттық бұрыштар, киіз үйлерді, көрмелерді безендіру жолымен балалар мен жасөспірімдерді ұлттық қазақ тұрмысы мен және ата-бабалар өмірімен таныстыру қажет. Оларды ата-бабаларымыз қолдарымен жасалған нәрсені түсіну мен бағалауға үйрету, ұлттық костюмдердің, қазақ өрнегінің, тұрмыс заттарының өзгешелігі мен сұлулығын көруге көмектесу. Егер баланы жас кезінен әдемі заттар, қазақтың ұлттық тұрмысының заттары қоршайтын болса, олар оның өміріне сөзсіз еніп, оның эстетикалық талғамын қалыптастырады. Егер ұстаз жас балалар мен жеткіншектердің психология-педагогикалық ерешеліктерін анық білмейтін болса эстетикалық тәрбие оң нәтижелер бермейді және қойған мақсатына жетпейді. Балалар және жасөспірімдермен жұмыс кезінде олардың міnez – құлықтарының барлық сипаттық белгілерін ескеру қажет. Балалар мен жасөспірімдердің көркемдік дамуы мен эстетикалық тәрбиесінде халықтық сәндік-қолданбалы өнерін пайдалану жөнінде мектептердің және мектептен тыыс мекемелердің атқаратын ролі зор екендігін айтуда керек. Балаларды халықтық сәндік-қолданбалы өнерінің алуан тұрларімен таныстыру әр-тұрлі формаларымен, әдістермен және құралдармен жүзеге асырылады, соның салдарынан балалар қажетті білім мөлшерін және өзінің туған өнері туралы көз-карас денгейін жақсартады. Мектептерде балалар мен жасөспірімдерді эстетикалық тәрбиелу тәсілдері балалардың бейнелеп ойлауын ескереді, ол туған табиғат, туған жердің рең-бояуы әсерімен қазақ халқының халық өнері, ұлттық мәдениеті, көркем дәстүрлері күшімен қалыптасады. Халықтың барлық даналығы, эстетикалық мұрраттары, талғамдары, дәстүрлері, тарихы салынған өз халқының өнер тілін игермей, басқа халықтардың өнерінің бейнелі тілін игеру ойға сыйғысыз.

Үйліми әдебиеттің сараптамасы қазақ халқының мәдени мұрасын оқып-үйренуде рухани – адамгершілік, көркемдік-эстетикалық бағдарларды анықтаушы этнография саласындағы зерттеулерді бөліп алуға мүмкіндік берді, ол ғалымдар Х.Арғынбаев, Г.Н. Волков, Л.Гумелев, А.Тәжімұратов, С.Мұқанов, Ә.Х. Марғұлан т.б. Білім мазмұнын жалпы адамдық құндылықтар, тарихи тәжірибе, көп ғасырлық мәдени дәстүрлерді ескере отырып, жаңарту К.Ж.Қожахметованың, С.А.Ұзакбаеваның т.б еңбектерінде қарастырылған [1-3].

Басқа халықтар сияқты қазақ халқының да өз тұрмысы, дәстүрі, табигаты бар. Ұлттық мәдениеттің даму тарихы түпсіз ежелге кетеді, ол туралы арнайы әдебиет және мұражайлардағы сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары күэ.

Әйгілі археолог және этнограф Ә.Х.Марғұлан қазақтарға тән халықтық қолданбалы өнерінің дамуы мен қалыптасуын қарастырады. Олардың экономикасының құрылымы, шикізат байлықтары, сауда-экономикалық және мәдени-этникалық байланыстары, тұрмыс пен шаруалық ұлттық дәстүр өзгешелігі, ғасырлар бойы жинақталған табиғи орта және оның ерекшеліктері Ә.Х.Марғұланның зерттеулерінде қазақтың сәндік-қолданбалы өнері халықтың көркемдік өнерінің қазыналары жиналған кең иллюстрациялық альбомы бар жазбаша – түсіндірме материал түрінде берілген. Ол қазақтың халық өнерін XV ғасырдан бастап оқып-үйрену жөніндегі материалдарды сараптаған онда тұратын жайлар оларды жинау, әшекей бұйымдар, қазақтың ұлттық киімі, кілем току, матаны өндеу, ағаш пен сүйекті қашау туралы мәліметтер бар.

М.С.Мұқановтың енбегінде «Қазақтың үйдегі көркемдік кәсіптері жұмысы үлкен қызығушылық тудырады, онда ою-өрнекпен безендіріліп суреттелген: ыдыс-аяқ, қару-жарак, киім – кешек қазак өнерінің сарымдары көп мәнділі және мағынасы бар түрлі ғасырлардың стилін сақтайды, жұмыста бейнеленген дайындау технологиясы мен материалдарды көркемдеп өндеудің жер-жерлік ерекшеліктерінің қазақтың көркемдік қолданбалы өнерін оқып үйренуде тәжірибелік маңызы бар», - делінген.

А.Тәжімұратованың «Шебердің қолы ортақ» кітабында жұн өндеу технологиясы мен одан жұн бұйымдар, алаша мен басқа төсөніш кілемдер дайындау (жасау) кеңінен айтылған, оларды оқып-үйрену осы материалдың ерекшеліктерімен танысу үшін пайдалы. Қазақтың үй кәсібі ерекшеліктерімен әсіресе халық өрнегін жасау өнері, жұн тери сүйектің бұйымдар жасау, металдан, тастан әшекей бұйымдар, ұлттық киімдер дайындау С.Қасимановтың еңбектерінде келтірілген [4].

Х.Арғынбаевтың еңбектерінде қазақтың халықтық кәсібінің негізгі материалы болып табылатын метал, тас, ағаш, тери туралы қажетті мәліметтер беріледі. Материалдың өзгешелігі, фактурасы және құрылымы үй заттарының бұйымдарын жасауга мүмкіндік берген, сонынан өнердің қайталанбас туындылары болып, осы күндерге дейін мұражайлар мен көрме залдарында сабакталған. Ө.Жәнібековтың қазақ халқының тарихы, этнографиясы және мәдениеті саласындағы зерттеулері оқырмандарды қазақ халқының мәдениеті туралы түрлі мәліметтермен, тұрмысымен, кәсіп түрлерімен, бұйым дайындаудың технологиялық және көркемдік ерекшеліктерімен таныстырады, олармен Қазақстанның түпкілікті халқы айналысқан. Қазақтардың тұрғын үйін зерттеу саласындағы ғылыми еңбектерде тұрғын үйдің түрлерін, арнайылығын, көркем безендірілуінің қолданыстық мәнін ғана емес оның ішкі жинақтылығын, ондағы бар әрбір бұйымды жекеше ашады [5].

Көрсетілген зерттеулерде өнердің арнайылылығы мен диалектикалық күрделілігі қоғамдық сананың шындықты бейнелеудегі ерекше формасы ретінде ашылады. Сәндік - қолданбалы өнердің және жеке түрлерінің мәні мен мағынасы, оның даму тарихының заңдылықтары, өзіндік тұрмысы ерекшелігі (ұқастығы), көркем мәдениет бұйымдарының құндылығы қарастырылады.

М.С.Мырзақовтың пікірінше сәндік қолданбалы өнерін оқып-үйренудің көмегімен оқушылардың шығармашылық белсенділігі дамиды. Себебі қазақтың сәндік-қолданбалы өнері негізінде тәрбиелеудің мақсаты тұлғаның белгілі қасиеттерін: ынталылық, ұқыптылық, талапшылдық, тәртіптілік, белсенділік, еңбек сүйгіштік, ұжымшылдық сезімін қалыптастыру болып табылады. Автор сондай-ақ мынадай айғакты бөліп шығарады, сәндік-қолданбалы өнермен айналысу процесі кезіндегі тәрбие белгілі әлеуметтік-экономикалық құбылыстар, ұлттық орта, өзіндік мәдениет, дәстүр, тұрмыс пен өмір салты әсерінен жүреді.

С.А.Ұзакбаева өз енбегінде «Қазақтың халықтық педагогикасында қыздар мен балалардың эстетикалық көзқарасының, дамуына үлкен мән берген, оларды сұлулықты түсінуге және оны өздерінің, қолдарымен жасай білуге үйреткен деген ойды дәлелдейді [7]. Сұлу, әсем бұйымдар адамға эстетикалық ләzzат береді, жағымды сезім тудырады, өзіне қызықтырып, көніл-күйді көтереді. Қазақ халқы қыздар мен ер балаларды қолданбалы өнерге (кілем току, ағаш өндеу, сырмақ сыру, кесте тігу, алаша, ши току, алқа, сырға, шолпы, тас қашау және т. б.) үйрете отырып, әсемдік сезімін, сұлулықты түсініп, жасау шеберлігін, өмірді әдемі, өнегелі етуді, қоршаған табиғаттың түрі мен бояуын кабылдай білуді қалыптастырыды. Балаларды кішкене күннен бастап әдемілікті ұсқынсыздықтан айыра білуге ықпал ететін сезімге тәрбиелейді. Қазақтың отбасында бала тұғаннан бастап әдеміліктің қоршауында болады, өрнектермен әшекейленген киіз үй жабдықтарын, оюланған кілем, сырмақ, тускиз, алашаларды, сүйек, мүйіз, күміспен өрнектелген ағаш ыдыс-аяқтар мен жиңаздарды, кестеленген киімдерді, алтын, күмістен жасалған зергерлік бұйымдарды қунделікті көріп өседі. Сөйтіп, бала айналасындағылармен қарым-қатынаста болып, бұйымдар мен заттардың ықпалымен, қоршаған табиғаттың әсерімен эстетикалық сезім, түсінік, талғамы дамып қалыптасты. Халықтың осы ежелден қалыптасқан қолөнерінің саналуан түрлері, әдіс-тәсілдері, амал-жолдары үрпақтан-үрпаққа үзіліссіз беріліп келеді. Көркемдік өнер мен халық

шеберлерінің туындысы бүгінгі жастарымызға үлгі және халықтың ғасырлар бойы көркемдік тәжірибесінің сарқылмас қайнар кезі болып отыр» деп тұжырымдайды.

Атамыш педагогтар зерттеулерінің біз үшін құнды жағы, әр халықтың өкілі ретінде, тұған елінің ұлттық өнері саласындағы көркем шығармашылық тәжірибесін талдай отырып, бала тәрбиесіне пайдалану мүмкіндіктерін барынша айқындауы. Балаға көркем эстетикалық тәрбие берудің нысандары мен әдіс-тәсілдерінің ғылыми-теориялық тұрғыда дәлелденуі әрі түсінікті берілуі. Жалпы қорыта келе қазіргі таңда эстетикалық тәрбие беруде сәндік-қолданбалы өнердің маңызы өте зор. Мектеп оқушыларының сәндік-қолданбалы өнерге баулудың эстетикалық талғамын қалыптастыруға аз да болса өз үлесімізді қосуға талпындық.

Балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудің мүмкүндіктерін қарастыра келіп, халықтық педагогиканың тамаша идеялары мен дәстүрлерін сактап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде халықтың ауызекі шығармашылығы мен қолданбалы өнері айырықша рөл атқарады. Олар халықтық педагогикада балалар мен ересектер тәрбиесінің таптырмайтын құралы, әдіс-амалы, тәсілі ережелері мен әдет-дағдылары болды, құнды ізеттілік, адамгершілік қасиеттерін (қайырымдылық, мейірімділік, инабаттылық, бауырмалдық, туыстық, достық, жолдастық сезім, тұған жерге, елге сүйіспеншілігін, ұлттық намыс, ата-баба дәстүріне сыйластық кезқарас, ұлттық өнерді құрметтеу, сактау, отансүйгіштік, интернационалдық кезқарас т.б.), психологиялық-эмоционалдық қасиеттерін (болмыстағы куанышты сүйіспеншілік сезіммен қабылдау, байыптау, елестету, есте сактау, ойлау т.б. эмоционалдық-эстетикалық қасиеттерін) өнердегі, табигаттағы әдемілікті, сұлулықты талғаммен, жылы сезіммен қабылдау, ләzzат алу, әсерлену, эстетикалық тұрғыда баға беру т.б. қалыптастырды. Олардың маңыздылығы бүгінгі күнде тіпті артып отыр" - деп тұжырымдайды.

Өнердің барлық түрі өзіне тән бейнелі тілі, тәсілдерімен әсемдік әлемін ашып көрсете отырып, адам сезіміне әсер ететіні мәлім. Қолданбалы өнерге тән ерекшеліктер — айналадағы ортамен өмірмен, еңбекпен тығыз болуы. Қолданбалы өнердің әлеуметтік-тәрбиелік рөлі тек оның туындыларының өзіндік көркемдік, эстетикалық құндылығымен ғана бағаланбайды, сонымен қатар адамдардың өз заманына сай талғамын білдіруінен өткендегі мәдениетпен, ұлттық дәстүрлермен сабактастығынан көрінеді" — деп өнердің мәні мен маңызына тоқталады.

### Әдебиет

- 1 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 2.-Алма-ата: Өнер, 1986.-288с.
- 2 Муканов С. Казахские домашние художественные ремесла. -Алма-ата, 1979.-150с.
- 3 Тәжімуратов Ә. Шебердің қолы ортақ.-Алматы:Қазақстан, 1977.-796.
- 4 Қасиманов С.Қ. Қазақ халқының қолөнері.-Алматы, 1969.-516.
- 5 Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Ғылыми-зерттеу еңбек. –Алматы: Өнер, 1987.-1286.
- 6 Джанибеков У. Культура казахского ремесла.- Алма-ата: Өнер, 1982.-143с.
- 7 Ұзақбаева С.А. Тамыры төрөн тәрбие.- Алматы: Білім, 1995.-1876.

### Резюме

В статье на основе анализа современной научно-педагогической литературы рассматриваются отдельные элементы декоративно-прикладного искусства казахов как одного из важнейших средств организации эстетического воспитания.

### Summary

On the basis of analysis of modern scientific pedagogical literature in this article we examined different elements of decorative fine art of Kazakh people as an important resources of organization of aesthetics education.